

## БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысы  
білім беруді дамытудың  
оқу-әдістемелік орталығының  
директорының м.а.



Б.Х. Абдикерова

«    »    2020 жыл

### «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ең үздік авторлық бағдарламасы» сырттай өтетін облыстық байқау ЕРЕЖЕСІ

#### I. Жалпы ережелер

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ең үздік авторлық бағдарламасы» облыстық байқауын өткізу ережесі (бұдан әрі – байқау) Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңына», білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасының жаңа формациядағы педагогтың үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасына сәйкес әзірленді.

2. Байқауды Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы өткізеді (әрі қарай ҚО ББОӘДО).

**Байқау мақсаты:** мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартуға, педагогтердің кәсібилігі мен шеберлігін арттыруға, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені, оқыту мен тәрбиелеудің вариативті әдістері мен технологияларын анықтауға ықпал ету.

#### **Негізгі міндеттері:**

- шығармашыл педагог - зерттеушілерді іздеу және қолдау көрсету, сонымен қатар олардың әзірлемелерін енгізуге ықпал ету;
- ең үздік педагогикалық тәжірибені тарату;
- педагогикалық идеялармен, жобалармен, педагогикалық шығармашылықтың нәтижелерімен алмасу.

#### II. Байқауды ұйымдастыру барысы

3. Байқау екі кезеңде өтеді:

**I кезең** - педагог жетістіктерінің портфолиосын бағалауды қамтиды. Құжаттарды қабылдау ҚО ББОӘО **16.03.2021 ж. по 31.03.2021 ж.** аралығында қабылданады.

Құжаттар қағаз нұсқасында және электронды тасымалдаушыда бір данадан қабылданады және қайтарылмайды. Үміткерлерді ҚО ББОӘО байқауына қатысуды ұсына отырып, рәсімделеді, келісіледі. Белгіленген мерзімінен кейін

*Handwritten signature*

түскен құжаттар қабылданбайды. Байқауға уақытылы жеткізілмеген құжаттар үшін ұйымдастырушылар жауап бермейді.

**2 кезең - сырттай. 01.04.2021 ж.-09.04.2021 ж.** аралығында қазылар алқасымен ұсынылған құжаттардың техникалық сараптамасы жүргізіледі.

4. Байқауға қатысушылық: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері, жалпы білім беретін мектеп, гимназия және лицейлердегі мектепке даярлық сыныптарының ұстаздары.

5. Педагогтердің педагогикалық еңбек өтілі және қатысушылардың жасы шектелмейді.

6. Қазылар алқасы Байқауға ұсынылған авторлық бағдарламаларға сараптама жасап, бағалайды.

### **III. Байқауды өткізу тәртібі**

7. Байқаудың дайындық жұмыстарын және өткізілуін Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының бұйрығымен бекітілген ұйымдастырушылық комитеті жүзеге асырады.

8. Қазылар алқасының жұмыс қорытындысы ұйымдастырушылық комитетінің отырысында бекітіледі.

### **IV. Авторлық бағдарламаға қойылатын талаптар**

9. Авторлық бағдарлама құрылымы:

а) білім беру мәселесін шешудегі ұсыныстар;

б) психологиялық - педагогикалық зерттеулердің жаңалығы және (немесе) өзектілігі;

в) тұжырымдамалық негіздемесі (мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтиже);

г) білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар;

д) аралық және қорытынды кезеңдердегі диагностика нәтижелерінің амалдары;

е) бағдарламалық мақсатқа жету әдістерінің, формаларының, амалдарының және құралдарының сипаттамасы;

ж) оқу құралдары.

10. Авторлық бағдарлама өзекті болуы тиіс (білім берудің ерекше маңызды мәселелерін шешуге бағытталған).

11. Авторлық бағдарламаны әзірлеу кезінде мынадай қағидаларды негізге алу қажет:

- реттілік (материалдың мазмұнын меңгерту, жас ерекшелігіне байланысты қарапайымнан күрделіге қарай баланың танымдық мүмкіндіктеріне сай шешіледі);

- ғылымилық (ғылыми еңбектерде нақты және тексерілген ақпарат оқу курсына негізделуі тиіс);

- қолжетімділік (материалды баяндаудың қарапайымдылығы мен түсініктілігі);

- көрнекілік (білім беру үрдісіне неғұрлым тиімді көрнекі құралдарды пайдалану);

- теорияның практикамен байланысы (ұсынымдарды әзірлеу барысында білім мен тікелей байланыстыру дағдысын қалыптастыру);

- даралау (балалардың психологиялық ерекшеліктерін есепке алу);

- нәтижелілігі (білім беру мақсатына сәйкестігі, оны жүзеге асыру мүмкіндіктері).

## V. Авторлық бағдарламаның құрылымы және рәсімделуі

### 12. Авторлық бағдарламаның құрылымы:

- титулдық бет;
- түсініктеме хат;
- тақырыптық жоспар;
- авторлық бағдарламаның негізгі мазмұны;
- күтілетін нәтиженің сипаттамасы;
- бағдарламаның қосымша элементтері;
- әдебиеттер тізімі.

### 13. Титулдық бет қамтиды:

- білім берудің жоғары органдарының атауы;
- білім беру ұйымының атауы;
- бағдарламаның атауы;
- балалардың жасы;
- бағдарламаның авторы.

14. Титулдық парақтың келесі беті рецензенттер туралы мәліметтерді, білім беру ұйымы басшысының қолы қойылған педагогикалық кеңес отырысы (басқару ұйымының) хаттамасының нөмірін және күнін қамтиды.

### 15. Түсініктеме хатта көрсетілуі тиіс:

#### а) білім беру үрдісінің мақсаты:

- жаһандық (жаңа білім беру жүйесі арқылы тұлғаның дүниетанымын қалыптастыруды өзгерту);
- жалпы педагогикалық (авторлық технологиялар құру арқылы тұлға қалыптастыру);
- дидактикалық (жаңа әдістеме жасау арқылы тәрбиелеу және оқыту);

#### б) мақсат, міндеттерді нақтылау, оған қол жеткізу жолдары.

### 16. Міндеттердің жіктелуі:

#### а) дамыту, оқыту, тәрбиелеу;

б) міндеттер бірнеше болуы тиіс, бірақ болжалды қызметтің мазмұны мен әдістеріне сәйкес болуы керек. Міндеттердің берілісі әрекеттерді анықтайтын негізгі сөзді қамтуы тиіс (*көрсету, жұмыспен өтеу, меңгеру, ұйымдастыру және т.б.*);

#### в) авторлық бағдарлама бойынша әдістер мен жұмыс түрлері;

г) авторлық бағдарламаның бағытын қысқаша сипаттау, басым бағыттарының өткен тәжірибесін ашу, осы бағыт бойынша бар бағдарламалардың авторлық бағдарламамен байланысының көрінісі, авторлық бағдарламаның ТОЖ-на кіріктірілуі мен сабақтастығы, ұсынылып отырған авторлық бағдарламаның маңыздылығы мен жаңашылдығын анықтау.

17. Бағдарламаның негізгі мазмұны мәтіндегі бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі тақырыптарды бөлуді, сонымен қатар тақырыптардың дидактикалық бірліктерін (негізгі түсініктер мен терминдер) жобалайды.

18. Перспективтік тақырыптық жоспар құру - берілген уақыт аралығында бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағаттарды бөлу. Тақырыптық жоспар кесте түрінде рәсімделуі тиіс.

19. Күтілетін нәтижелер сипатты оқыту нәтижесіне және оларды бағалаудың критерийлеріне қойылатын талаптарды (білім мен дағды) көрсетеді. Авторлық бағдарламаны меңгеру нәтижелілігін тексеру жүйесі мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған типтік тапсырмалар (дидактикалық тапсырмалар, жаттығулар) қамти алады.

20. Бағдарламаның қосымша элементтері - бұл тақырыптық жоспардың логикалық тізбегімен ұсынылған оқытудың түрлері мен құралдарын өзіне қамтитын авторлық бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

21. «Әдебиет» бөлімінде балалар мен педагогтердің дайындық кезінде ұсынылған және қолданған әдебиеттер тізімі (екі тізім) жазылады. Дерек көздер тізімі әліппе тәртібі бойынша рәсімделеді. Бағдарламаның қажетті жерлерінде тік жақшаларда авторлық бағдарлама мәтінінде сілтеме жасалған библиографиялық дереккөздердің реттік саны көрсетіледі.

22. Авторлық бағдарлама тігілген және басып шығарылған болуы тиіс. Мәтін А4 форматындағы ақ қағаздың стандартты бетінің бір жағында аралығы 2,0 интервалымен жол саны 28-30 аспайтындай орналасуы тиіс. Мәтін көлемі 25 беттен аспауы тиіс (авторлық бағдарламаның қосымша элементтерін есепке алмағанда). Жұмыстың барлық беті титулдық беттен бастап соңғы бетке дейін рет ретімен нөмірленеді. Бірінші бет титулдық бет, оған «1» саны қойылмайды, келесі бетке «2» саны жазылады және т.с.с. Беттің реттік нөмірі жоғарғы жолдың ортасына жазылады.

## **VI. Авторлық бағдарламаны байқауда ұсыну тәртібі**

23. Автор бағдарламамен бірге:

- өзінің сұранысын;

- бағдарламаның екі рецензиясын (бір рецензия білім беру ұйымының әдістемелік немесе ғылыми әдістемелік қызметінен, екінші рецензия жоғары оқу орнының өкілдерінен немесе ауданның/қаланың қосымша білім беру ұйымдарының педагогтерінен) тапсырады.

24. Байқау басталуға бір апта қалғанда қазылар алқасы бағдарламаны зерттейді, талдайды, бағалайды және қазылар алқасының төрағасына жазбаша түрде пікір береді.

25. Жұмыс қорытындысы бойынша ұйымдастырушылық комитеті жеңімпаздарды анықтайды және байқау қатысушыларын мадақтау туралы шешім қабылдайды.

## **VII. Жеңімпаздарды марапаттау**

Үздік бағдарламалардың, жобалардың және оқу құралдарының авторлары Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы дипломдарымен марапатталады және [umckrg.gov.kz](http://umckrg.gov.kz) сайтында орналастырылады.